

3. Амангельды А. Проблемы правового регулирования правоотношений, возникающих при приобретении исключительного права на результат интеллектуальной деятельности // Мир закона. — 2007. — № 3. — С. 34–37.
4. Шаповалова Н., Болотов Ю. Регистрация прав на объекты авторского права и смежных прав // Предприниматель и право. — 2008. — № 4. — С. 11–12.
5. Амангельды А. Свобода информации и копирайт // Мир закона. — 2008. — № 2. — С. 33–37.

ӘОЖ 342.8

А.Ж.Машабаев, А.Б.Шәкірова

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ СЕБЕПТІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

В статье рассматривается причинная связь как основной признак в некоторых преступлениях. Освещается взаимосвязь причинно-следственной связи с институтом соучастия, стадией совершения, множественностью преступления. Также раскрывается значение причинной связи при квалификации отдельных видов преступлений, где она является признаком состава преступления.

This article is devoted to the causal nexus as the main sign in some crimes. The inter communication of the causal nexus with the institute of participation, wit the period of accomplishment (perpetration) of the crime with the pluality of the crime ase considered. The meaning of causal nexus is also considered at the gualifacation of the individual views of the crimes where it is the sign of composition (structuze) of the crite.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен одан туындайтын зардаптың арасын объективті түрде жалғастыратын себепті байланыс болады. Бұл материалдық құрамға жататын қылмыстардың объективті жағының міндетті белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық принципі бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттен туындаған зардап үшін адам оның әрекеті немесе әрекетсіздігі сол зардаппен себепті байланыс болғанда ғана оған жауаптылық жүктеледі. Қылмыстық құқықта себепті байланысты дұрыс анықтау үшін бірнеше критерийлерді пайдаланады. Оның ең біріншісі мезгіл (уақыт) жөнінен. Белгілі бір нақты қылмыс істегені үшін адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ең алдымен осы қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекет мезгіл жөнінен қоғамға зиянды зардаптың алдын алу қажет.

Себепті байланыстың тағы бір белгісі — істелген іс-әрекеттің нәтижесі ретінде заңда көрсетілген қылмысты зардаптың нақты орын алуы. Сол зардапты туғызуға нақты мүмкіндік жасаған жағдайда ғана адамның әрекеті зардаптың себебі болып табылады. Мұндай жағдайға кінәлі түрде іс-әрекет жатады.

Істелген іс-әрекетті орын алған қоғамға зиянды зардаптың себебі деп тану үшін, қылмыстың осы зардабы тек қана осы іс-әрекеттің (басқаның емес) тікелей нәтижесі болуы қажет. Өйткені кез келген іс-әрекет зардаптың орын алу шарты болғанмен, оның себебі болып танылмауы мүмкін. Осыдан кейін іс-әрекетті зиянды қауіпті зардаптың тікелей себепші деп табу үшін себепті байланысты белгілейтін тағы бір белгіні, шарасыздық белгісін — яғни, орын алған зардап істелген іс-әрекеттің қажетті, сөзсіз нәтижесі болуы керек деген тұжырымға келеміз [1].

Қылмыстық құқықтағы іс-әрекет пен одан туындаған зардаптың арасын объективті түрде байланыстыратын себепті байланыс. Себепті байланыс философиялық санат болып табылады. Ол «себеп» және «байланыс» деген екі ұғымның бірлігін құрайды. Себепті байланыс себеп және әрекеттің байланысы, себептен әрекетке ауысу болып табылады. Себеп болмаса, салдар да болмайды. «Себеп» латын тілінің «causa» деген сөзінен шыққан. Алғашқы сатысында себеп бір нәрсе жасайтын немесе тудыратын зат есебінде түсіндіріледі. «Себеп» ұғымын осылай түсіну «күш» деген ұғымның пайда болуына түрткі болды. Күш дегеніміз — өз әрекетінің нәтижесінде өзгеріс жасайтын заттың қабілеті. Әрекет етуші себеп, өзгеріс арқылы салдар туғызады. Себеп және салдар арасындағы өзара байланыс себепті байланыс деп аталады.

Байланыс дегеніміз — кеңістік пен (немесе) уақытта бөлініп құбылыстардың өзара келісімімен өмір сүруі. Байланыс — ғылыми ұғымдардың ішіндегі маңызды ұғымдардың бірі. Тұрақты да,

қажетті байланыстарды табу арқылы адамның танымы басталады, ал ғылым негізінде, себеп және салдардың байланысын талдау жатыр. XX ғасырға дейін философия ғылымында жеке «байланыс» ұғымының өзі қарастырылмады, талқыға түсіп барлығының назарында болған жалпы өзара байланыс қағидасы. Ал ғылымда байланыстың шектелген ғана үлгісі болады, мысалы: ішкі және сыртқы, қажетті және кездейсоқ, маңызды және маңызды емес. XX ғасырда ғылымның дамуына байланысты аталған ұғымның үлгісі де кеңейіп, көпшіліктің зерттеу пәніне айналды. «Байланыс» ұғымының саралануы көбейе түсті. Философиялық тұрғыдан байланыстың, материаның қозғалыс нысаны бойынша саралануы маңызды болып табылады. Байланыстың басқа да бөлінуі бар. Мәселен, күш бойынша, яғни бір құбылыстың қатаң түрде басқа құбылыстармен (дене мүшесімен) байланысуы; байланыстан кейін туындайтын нәтиженің сипаты бойынша, яғни бір құбылыс, екінші құбылыстың себебі ретінде орын алуы; әрекеттің бағыты бойынша (тіке және кері байланыс) және тағы басқа түрлері бар.

«Себептілік» ұғымын нақтылап, оны қажеттіліктен ажыратуға тырысқан Аристотель болды. Ол «Метафизикада» себептің төрт түрін саралап, көрсетеді: нысан ретіндегі себеп, әрекет етуші себеп, материалдық себеп, бүтін себеп. Осы саралаудың түбінде жатқан нәрсе, себеп-салдар байланысының сан-алуан түрлігі. Философияда «себептілік» ұғымы туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Олардың бірі негізгі себептілік сипаттамасының (генетикалық және уақытша асимметрия, бір мағыналы байланыс және т.б.) сақталуын талап етсе, екінші көзқарас «себептілік» ұғымын физиканың жаңа жетістіктерін есепке ала отырып, батыл қайта құруды ұсынады.

Қазіргі ғылымда себептілік туралы түсінік философиялық себептілік қағидасы ретінде анықталған. Оның мазмұнына себепті байланыстың жалпылығы және объективтілігі, сонымен қатар қажеттілік сипаты кіреді.

Мән мен құбылыстың арақатынасының дамуына олардың тағы да бір кезеңі — себептілік, немесе себептілік қатынастар. Себеп пен салдар осы себептілік қатынастың ажырамас бірлікте тұрған өзара байланыстың екі жағы. Басқа қатынастар сияқты себеп пен салдардың сыртқы көрінуі мен ішкі мәнінің бір-бірінен айырмашылықтары бар.

Әлемдік құбылыстар мен процестердегі шытырман, қат-қабат қарым-қатынастардың ішінен біз екі немесе бірнеше өзара байланыстағы құбылыстарды бөліп, оқшау қараймыз да олардың бірін себеп, екіншілерін салдар дейміз. Яғни себептілік әлемдегі сан-алуан байланыстардың бір өткінші кезеңі. Басқаша айтқанда, себептілік деп құбылыстардың, заттардың немесе оларды жақтарының ішкі байланысын, олардың өзара бір-біріне әсер ету негізінде тиісті өзгеріс тудыруын айтамыз. Мәселен, сүтті тиісті дәрежеге дейін қозғай берсек, ол қаймаққа айналады.

Себеп дегеніміз — екі немесе бірнеше құбылыстардың, заттардың, олардың ішкі жақтарының өзара байланысқа түсіп, бір-біріне әсер ету барысында ол құбылыстар мен заттарда, олардың жақтарында тиісті өзгерістер туғызуы. Ал салдар дегеніміз — өзара әсер ету нәтижесінде құбылыстарда, заттар мен олардың ішкі жақтарында пайда болған өзгерістер. Жалпы алғанда дүниеде себепсіз ештеңе жоқ. Себептілік бұл әлем құбылыстарына тән жалпылама қасиет. Себептілік және салдар бірін-бірі тудыратын құбылыстардың генетикалық байланыстарын белгілейтін ұғым.

Қазіргі философия, себеп заңдылығын адамның тәжірибелік қызметі жолымен дәлелдеуге мүмкіндігі бар деген қорытындыға келеді. Дәлелдегенде құбылыстардың жай ғана кезектесуі емес, оның қажетті кезектесуі. Егер адам құбылысты кезектестіруді жасанды істесе, соны істей алса, оның өзі себепті байланыстың бар екендігінің дәлелі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы «себепті байланыс» ұғымын қолдана отырып, бұл ұғымның анықтамасын қылмыстық заңда бекітпеген. «Себепті байланыс» ұғымын философия ғылымы өз заңдылығына сүйене отырып қалай түсіндірсе, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы және сот тәжірибесі бұл ұғымды солай пайдаланады, яғни, біздің ойымызша, қылмыстық құқықта себепті байланыстың философиялық ұғымы қылмыстық құқық үшін жарамсыз болғандықтан, қылмыстық құқық өз шеңберінде себепті байланыстың ұғымын қалыптастыру керек деген көзқарастар да жоқ емес. Мысалы, Л.Трегердің айтуынша: «...Философия құқықтағы себепті байланыс мәселесін шеше алмайды. Оның құқық аясынан бөлек өзінің шешетін міндеттері бар». Сонымен қатар «қылмыстық құқық адамның іс-әрекеті мен одан пайда болған өзгерістің арасындағы себепті байланыс туралы мәселемен айналыса алмайды, өйткені себепті байланыс табиғи заңдылық шеңберінде қарастырылуы қажет; сол себепті қылмыстық құқықтағы «себепті байланыс» ұғымы «теологиялық байланыс» ұғымына алмастырылу қажет» дейді В.Зауер. Әрине, бұл көзқарастармен келісуге болмайды. Қылмыстық құқық басқа ғылымдармен байланыспай, жеке алғанда барлық ғылымдарға ортақ философияның негізгі қағидаларын ескермей, түптамыры философиядан шығатын

санаттардың, қылмыстық құқықта ғылыми тұжырымдарын жасай алмайды. Сондықтан да қылмыстық құқық өз аясында философия ғылымынан бөлек «себепті байланыс» ұғымын қалыптастыру ойға сыймайтын нәрсе.

Қылмыстық құқық теориясындағы «себепті байланыс» аса күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Орын алған қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) пен одан туындаған зардаптың арасында себепті байланыс болмаса, қылмыстық жауаптылықтың объективтік негізі де жоққа шығады. Сондықтан да қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізгі шарты қылмыстық іс-әрекетпен одан пайда болатын қоғамды қауіпті салдардың арасында себепті байланысты анықтау болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы себепті байланыс мәселесін зерттегенде еске сақтайтын бір жай, адамның әрекеті мен одан туындайтын қоғамға қауіпті зардаптың арасындағы себепті байланысты ғана анықтау қылмыстық жауаптылық мәселесін шешпейді. Қылмыстық жауаптылық үшін іс-әрекеттің объективті қоғамға қауіптілігін және адамның кінәлігін анықтау қажет. Себепті байланыс жауаптылықтың объективті шегін ғана анықтайды. Адамның әрекеті зардаптың пайда болуына жағдай жасамаса, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі және адамның кінәлігі туралы айтуға болмайды.

Теория мен тәжірибенің үздіксіз байланысы болашақта себепті байланыс мәселесін заңдастыруға мүмкіндік бере алады. Қоғамға қауіпті іс-әрекет мезгілі жағынан зардапқа себепші болып, оның пайда болуына нақтылы мүмкіндік жасаса, ал зардап істеген іс-әрекеттің қажетті нәтижесі негізінде пайда болғанда себепті байланыс орын алады. Қорыта келгенде, біздің ойымызша, келесі қорытындыларды жасауға болады:

«Себепті байланыс» ұғымы туралы көптеген көзқарастарға талдау жасау арқылы, себепті байланыс — ең алдымен философиялық, одан кейін қылмыстық құқықтағы заң санатына айналатынын негіздеу. Себепті байланысты анықтау тиісті белгілерге сәйкес жүргізілу қажеттілігін дәлелдеу [2].

Бірінші белгісі бойынша себепті байланысты дұрыс анықтау үшін міндетті түрде уақыт кезектілігі қажет. Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен одан туындаған зардап белгі бір мезгілдік жүйелікте болуы керек. Себепті байланыс орын алатын бастапқы кезең, яғни іс-әрекет мезгілі, жөнінен қылмыстық нәтиженің алдын алуы тиіс. Егер де уақыт кезектілігі орын алмайтын болса, онда себепті байланысты анықтаудың қажеттілігі болмайды. Өйткені себепті байланыс тиісті мезгілдік жүйелікте болатын екі кезеңнің арасында ғана анықталуға жатады.

Себепті байланыстың келесі белгісі — ол шарасыздық, яғни зардап басқа іс-әрекеттен емес, нақтылы қылмыскермен істелінген іс-әрекет нәтижесінде орындалуы қажет. Аталған белгі екінші белгімен тығыз байланысты. Сондықтан да құқық қорғау қызметкерлері қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде қоғамға қауіпті зардаптың пайда болуына нақтылы мүмкіндік туатынын біліп, содан барып жасалған іс-әрекеттен зардап шарасыздықтан орын алатынын анықтауға болады.

Қылмыстық құқықтағы себепті байланысты зерттеу барысында кейбір авторлардың себепті байланыстың бірнеше нысандарын ажыратып және сол нысандарды әр түрлі негіздер бойынша сараланғанын көруге болады. Мысалы, М.Д.Лысовтың ойынша, қажетті зиян тигізу теориясы жеткілікті деңгейде сот тәжірибесінің сұранысын қанағаттандыра алмайды, әсіресе ол жанама зиянды салдарды тигізген уақытта айқын көрініс табады. М.Д.Лысовтың тармақталған себепті байланысқа қатысты анықтамасын талдайтын болсақ: «...дамып келе жатқан себептілік қатарының шекарасынан тыс шығып, істелінген әрекеттің өзінен емес, оған қатысы жоқ жеке әрекеттен шығып, онымен параллельді себепті-салдар байланысының қатарын құрайды» [3].

Себепті байланысты анықтау үшін себепті байланыс пайда болатын бастапқы және соңғы шекті білу қажет. Бұл мәселені шешу үшін Т.В.Церетели, В.Н.Кудрявцев сияқты заңгерлер қылмыстық құқық аясында жасанды оқшаулау қағидасын қолдануды ұсынады.

Адамның іс-әрекеті қажетті шарт болғанда ғана себепті байланыс орын алады.

Себепті байланыс қылмыстық құқықтағы «әрекетсіздік», «қылмыстардың көптігі», «кінә», «қылмысқа дайындалу» және «қылмыс жасауға оқталу», «қылмысқа қатысу» және «қатысушылардың түрлері мен нысандары» сияқты ұғымдардың қалыптасуына негіз болып табылады.

Себепті байланысты анықтау қоғамдық қауіпті әрекет жасағанда ғана емес, қоғамдық қауіпті әрекетсіздік жағдайында да қажет. Адам әрекеті секілді, қоғамға қауіпті әрекетсіздік те айналадағы дүниеге белгілі бір өзгерістерді әкеледі. Әрекетсіздік мінез-құлықтың енжар нысаны болып табылады. Қылмыстық-құқықтық мағынада алғанда әрекетсіздік дегеніміз — әрқашанда адамның өзіне жүктелген міндеттерді орындамауы. Адамға белсенді қимылдау, белгілі бір әрекеттер жасау міндеті жүктеліп, ол оны орындамаған жағдайда соның салдарынан қоғамға қауіпті зардап туындаса

ғана адамның әрекетсіздігі мен туындаған салдардың арасында себепті байланыс бар деуге болады. Адамда осындай міндет болмаса, оның әрекетсіздігімен туындаған салдар арасында себепті байланыс туралы мәселе жайына қалады.

Қылмыстық құқық әдебиеттерінде әрекетсіздік кезіндегі себепті байланыс мәселесі әр уақытта біржақты шешілмеген. Бірқатар ғалымдар әрекетсіздік кезіндегі зиян тигізуді айтып, себепті байланыстың орын алмауын мойындаса, кейбір авторлар әрекетсіздік кезіндегі зиян тигізудің болмайтынын айтып, себепті байланысты жоққа шығарады. Әрекетсіздік ешқандай нәтиже әкелмегендіктен, олар оны екінші сатыға ығыстырады.

Қылмыстық құқықта «әрекет» және «әрекетсіздік» ұғымдарын ажырату қажет. Қоғамға қауіпті әрекет сияқты әрекетсіздікте қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға зиян тигізеді. Біреуінің зардап салмағы екіншісінен көп немесе аз деп айтуға болмайды. Әрекетсіздік пен одан туындайтын қылмыстық нәтиженің арасында міндетті түрде себепті байланыс орын алады деген тұжырым жасауға болады.

Қылмыстардың көптілігін анықтаған кезде, себепті байланыстың ерекше маңызы бар. Бұл ерекшелік себепті байланыстың міндетті орын алуынан көрініс табады. Бір адамның жасаған жеке қылмысында себепті байланысты бекіту және бір адаммен жасалатын бірнеше қылмыстардағы себепті байланысты анықтау қылмыстарды, біріншіден, жеке, екіншіден, көптік деп ажыратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл ажырату қылмыстық жауаптылық мәселесін, жаза мөлшерін шешуге бірден-бір негіз болып табылады. Аталған үш нысанды жеке қылмыстардан ажырата білу қажет. Қылмыстардың көптігі мен жеке қылмыстарды ажырату құқық қорғау органдарында, жеке алғанда тергеу, сот қызметінде аса маңызды роль атқарады. Қылмыстардың көптігі мен жеке қылмыстарды ажыратып, қылмыстық жауаптылық мәселесін шешкенде себепті байланыстың алатын орны үлкен.

Жеке және көптік қылмыстарда себепті байланыс қандай ретпен орын алады? Екі жағдайдағы себепті байланысты қалай анықтау қажет? Осы сұрақтарға жауап бермес үшін, жеке және көптік қылмыстардың айырмашылығын білу қажет. Жеке қылмыстармен қылмыстардың көптігін ажырату, тергеу, сот қызметінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір жағдайларда оны ажырату белгілі бір тұрғыдан қиындықтар туғызады. Айтылған қиындықтың орын алуы заңды нәрсе, өйткені кейбір жеке қылмыстар мазмұны жағынан күрделі болып, бірнеше іс-әрекеттен құралғандықтан, көптік қылмыстарға ұқсас келеді.

Жеке қылмыстар деп, қылмыстық заңда көрсетілген бір қылмыс белгілері бар қоғамға қауіпті іс-әрекетті айтамыз. Жеке қылмыстар заңдылық құрылымына байланысты жай және күрделі болып екіге бөлінеді. Жеке жай құрамдағы қылмыстар бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Күрделі жеке құрамдағы қылмыстар қылмыстық заңға сәйкес: жалғасқан қылмыс, созылмалы қылмыс, күрделі құрамды қылмыс, балама іс-әрекетті қылмыс және қосымша ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыс деп бірнеше түрлерге бөлінеді.

Жалғасқан қылмыс дегеніміз — ортақ мақсатқа жетуге бағытталған ұқсас қылмысты әрекеттерден құралған, жиынтығында бір қылмыс болып табылатын қылмыстар.

Созылмалы қылмыс деп кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыс құрамын үзілссіз, белгілі бір уақыт аралығында істеуін айтамыз.

Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірі бөліп қарағанда жай түрдегі қылмыс құрамына жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бірқылмысты құрайтын қылмыстардың жиынтығын айтамыз.

Ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыстар, екі жеке іс-әрекеттерден құралғанымен, ішкі өзара байланыс нәтижесінде бір қылмысты құрайды. Жеке қылмыстардағы себепті байланысты шартты түрде «жеке себепті байланыс» деп атауға болады. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуында себепті байланысты анықтау негізгі шарт болып табылады.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан қылмыстық саясатты ізгілік қағидасына негіздеу және қоғамға қауіптілігі аз іс-әрекеттер үшін қылмыстық репрессияны жеңілдету, аяқталмаған қылмыстар туралы заңдылық нормасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Қылмыс істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі өтетін кезеңдерді айтамыз.

Әрбір қылмысқа қатысушы пайда болған қылмыс зардабымен себепті байланыста болуы қажет. Сонымен қатар себепті байланыс қылмысқа қатысушылардың әрбір жеке түрін ажыратуға негіз

болып табылады. Бірақ бұл ереже эквиваленттілік теорияның жақтаушыларымен жоққа шығарылады. Эквиваленттілік теорияның негізін салушы М.Бури былай деген: «Орындаушы өзінің жеке еркімен әрекет етсе, көмектесуші өз еркінсіз әрекет етіп, орындаушыға тәуелді болып табылады. Қылмысқа қатысушылардың біреуінің іс-әрекеті өзінің жеке мақсатын көздеуге бағытталса, екінші қатысушы өз мақсатын біріншіге тәуелді етеді». М.Бури қылмысқа қатысатын көмектесушінің жеке мүддесі болмайды деген қорытындыға келеді.

Эквиваленттік теориясына белгілі бір дәрежеде адекватты себептілік теориясы қарсы тұрады. Бұл теория осындай нақты жағдайда ғана емес, жалпы қарастырылып отырған қылмыстық салдарды туғыза алатын әрекеттерді ғана қылмыстық нәтиженің себебі деп есептеді. Бұл жерде зардап типтік болмағандықтан, нәтиже істелген іс-әрекетке сәйкес келмейтіндіктен және оған адекватты болмағандықтан, іс-әрекетті зардаптың себебі деп тануға болмайды.

Себепті байланыс туралы ілім, қылмысқа қатысқандық үшін жауаптылықты негіздегенде ерекше маңызды роль атқарады. Демек «себепті байланыс» ұғымын алдын ала анықтамай, қылмысқа қатысу туралы зерттеулерді және қылмысқа қатысушылардың түрлерін белгілеуді жүргізуге болмайды.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс істеудің ерекше нысаны болып табылатын қылмысқа қатысудың өзіндік объективтік және субъективтік белгілері бар. Соның ішінде қылмысқа қатысудың объективтік жағының бір белгісі әрбір қылмысқа қатысушының әрекетімен қылмыс зардабының арасындағы себепті байланыстың болуы. Себепті байланыс қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын белгілеудегі объективтік шекара болып табылады. Бұл шекарадан тыс жауаптылық ауқымы аса алмайды. Әрбір қатысушының әрекеттерінің өзара себепті байланысы мен шарттарының болуы қылмысқа қатысушылардың бірлескен қылмысты іс-әрекеттерінің салдары екендігін дәлелдейді және барлық қатысушылардың бірдей жағдайда жауаптылыққа тартылуының алғы шарты екендігін көрсетеді.

Қылмыстық құқықтағы себепті байланыс қылмысқа қатысу институтында ерекше маңызды қызмет атқарады. Себепті байланыс қылмысқа қатысушылардың түрлерін, нысандарын және қылмысқа қатысу институтының пайда болуына үлкен әсерін тигізеді.

Қылмыстық құқықта қылмыстар көптігі мен себепті байланыстың ара-қатынасы туралы мәселе қарастырылмаған. Өйткені қылмыстар көптігінің нысандары: қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы (11-бап), қылмыстардың жиынтығы (12-бап), қылмыстардың қайталануы (13-бап) қазіргі Қылмыстық кодекске жаңадан енгізіліп отыр. Қылмыстардың көптігін анықтаған кезде себепті байланыстың ерекше маңызы бар. Бұл ерекшелік себепті байланыстың міндетті орын алуынан көрініс табады. Бір адамның жасаған жеке қылмысында себепті байланысты бекіту және бір адаммен жасалатын бірнеше қылмыстардағы себепті байланысты анықтау қылмыстарды, біріншіден, жеке, екіншіден, көптік негіздерде танылып ажыратылады. Сонымен қатар бұл ажырату қылмыстық жауаптылық мәселесін, жаза мөлшерін шешуге бірден-бір негіз болып табылады. Аталған үш нысанды жеке қылмыстардан ажырата білу қажет. Қылмыстардың көптілігі мен жеке қылмыстарды ажырату құқық қорғау органдарында, жеке алғанда тергеу, сот қызметінде аса маңызды роль атқарады. Қылмыстардың көптігі мен жеке қылмыстарды ажыратып, қылмыстық жауаптылық мәселесін шешкенде себепті байланыстың алатын орны үлкен.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан қылмыстық саясатты ізгілік қағидасына негіздеу және қоғамға қауіптілігі аз іс-әрекеттер үшін қылмыстық репрессияны жеңілдету, аяқталмаған қылмыстар туралы заңдылық нормасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Аяқталмаған қылмыс пен себепті байланыстың өзара арақатынасының ерекшелігі бар. Себепті байланыс қылмысқа дайындалумен оқталудың шекарасын ажыратуға мүмкіндік береді. Қылмыс құрамын орындауға әлі жетпеген, яғни қылмысқа дайындық сатысындағы әрекеттерде қоғамға қауіпті салдардың пайда болу мүмкіндігінің дәрежесі өте аз. Сондықтан да заңмен қорғалатын объектіге қолсұғудың нақтылы қауіптілігі туралы айтуға болмайды. Қылмысқа дайындық кезіндегі әрекеттер қоғамға қауіпті зардапты жүзеге асыру үшін нақтылы болып табылмайды. Қылмысқа дайындалу әр уақытта да іс-әрекет арқылы қылмыс жасауға қолайлы жағдайлар жасайды, онсыз қылмыстың орындалуы мүмкін емес [4].

Аяқталмаған қылмыстағы себепті байланысты анықтау қылмысқа дайындық және оқталуды ажыратуға және сот-тергеу тәжірибесінде қылмыстық жауаптылықты белгілеп жаза тағайындағанда өте маңызды болып табылады.

Себепті байланыс қылмысқа қатысу институтында ерекше орын алады. Себепті байланыс туралы ілім «қылмысқа қатысу» ұғымының қалыптасуына және қылмысқа қатысушылардың түрлерін белгілеуде орасан зор ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Философский энциклопедический словарь // Гл. ред. Л.В.Ильичев и др. — М.: Сов. энцикл., 1983. — С. 339.
2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының бюллетені. — Астана, 2000.
3. Философиялық сөздік // Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин ж.б. — Алматы: Қазақ энцикл., 1996. — 207-б.
4. *Лысов М.Д.* Ответственность должностных лиц по советскому уголовному праву. — Казань, 1972. — С. 102.

УДК 343.37

Ш.С.Тогайбаева, А.И.Тогайбаев

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова;
Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б.Бейсенова

**ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПЛЕНИЯМИ
В СФЕРЕ ВЫПУСКА ЦЕННЫХ БУМАГ
И ПРОИЗВОДНЫХ ЦЕННЫХ БУМАГ**

Мақала бағалы қағаздар рыногындағы қылмыстың алдын алу мәселелеріне арналған. Авторлар «қылмыстылық» түсінігі, оның алдын алу шараларын қарастырып, қылмыстық заңнаманы әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар жасаған. Сондай-ақ құнды қағаздар мен қаржы инструменттерінің шығарылу тәртібін зерттеген.

The article is devoted to the problems of struggle of the crimes in the sphere of the issue of the securities and derivatives. The authors consider the order of issue of the securities and derivatives. The authors consider responsibility for perpetration (accomplishment) crimes. The authors express their opinion about improving criminal legislation.

Законом РК РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам рынка ценных бумаг и акционерных обществ» от 8 июля 2005 г. в УК РК внесены изменения в ст. 202 (Нарушение порядка выпуска эмиссионных ценных бумаг) в следующей редакции:

Утверждение проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг, содержащего заведомо недостоверную информацию, а равно утверждение заведомо недостоверного отчета по выпуску эмиссионных ценных бумаг наказываются ...

Статья 202 УК РК предусматривает ответственность за нарушение при эмиссии ценных бумаг и относится к статьям, устанавливающим ответственность за преступление, совершаемое в ходе процедуры эмиссии.

Предметом преступного посягательства на рынке частных и государственных инвестиций являются проспект эмиссии и отчет о результатах эмиссии ценных бумаг.

Проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг (п. 88 ст. 1 Закона «О рынке ценных бумаг») — это документ, содержащий сведения об эмитенте, его финансовом состоянии, предполагаемых к продаже эмиссионных ценных бумагах, объеме выпуска, количестве ценных бумаг в выпуске, размещении, обращении, выплате дивидендов (вознаграждения), погашении и другую информацию, предоставляемую для государственной регистрации [1].

Виды выпуска эмиссионных ценных бумаг: выпуск государственных ценных бумаг (ст. 7 Закона РК «О рынке ценных бумаг» от 2 июля 2003 г. № 461) и негосударственных эмиссионных ценных бумаг (ст. 8 вышеуказанного закона).

Проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг должен содержать следующие сведения: об эмитенте и его видах деятельности; о крупных акционерах и (или) участниках, владеющих десятью и более процентами долей в уставном капитале эмитента; о структуре органов эмитента с указанием сведений о руководящих работниках, их должностей за последние три года, а также сведений о принадлежащем им количестве размещенных акций (размере долей в уставном капитале) эмитента; об активах эмитента с указанием их балансовой стоимости, о потребителях и поставщиках товаров (работ, услуг) эмитента в объеме, составляющем пять и более процентов от общей стоимости производимых или потребляемых им товаров (работ, услуг); об оценке имущества эмитента (при выпуске обеспеченных облигаций); о кредиторской и дебиторской задолженностях, составляющих пять и более про-